

Машурова Аида Абдрахмановнаның
«Қазақстан мен Орталық Азияның тарихи жанрдағы көркемсуретті
кинематографындағы әйел бейнесі» тақырыбындағы
6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының мәтініне
АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Диссертациялық жұмыс тарихи-кинотанушылық және салыстырмалы талдау және басқа да зерттеу әдістері, оның ішінде, визуалды талдау негізінде Қазақстан мен Орталық Азияның тарихи жанр киносындағы әйел бейнелерінің дамуы мен түрленуіне арналған.

Қазіргі Қазақстан мен Орталық Азия киносына тән әйел кейіпкерлердің экрандық бейнелері жеткілікті зерттелмеген, аталған өңірлердегі тарихи жанр кинематографында әйел бейнесін көрсету мәселесі арнайы ғылыми ізденістердің нысаны болған жоқ, осыған байланысты осы зерттеуді жүргізу орынды және өзекті деп санаймыз.

Зерттеу нысаны

Отандық, Орталық Азия және әлемдік кинематографтың тарихи жанрға жататын туындылар.

Зерттеу пәні

1920 жылдардың соңынан қазіргі уақытқа дейінгі Қазақстан мен Орталық Азияның көркемсуретті тарихи жанр кинематографындағы әйел бейнесі.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан мен Орталық Азиядағы көркемсуретті киноның тарихи жанрындағы әйел бейнесін олардың дамуы мен түрлену көрінісін кешенді зерттеу.

Зерттеудің міндеттері:

- көркемсуретті кинематографтың жанры ретінде тарихи киноның ерекшелігін қарастыру;
- тарихи фильмдердің қаһармандық және тұрмыстық эпизодтарындағы типологиялық әйел бейнелеріне тән сипаттық ерекшеліктерді дәстүрлік және феминизмдік тұрғыдан айқындау;
- кеңестік кезеңіндегі Қазақстанның тарихи кинематографындағы әйел бейнесін әртүрлі аспектілерде зерттеу;
- тоталитарлық режим кезінде Орталық Азия киносындағы әйелдің тарихи бейнелерін ашу;
- посткеңестік кезеңдегі қазақ көркемсуретті киносының тарихи жанрындағы әйел бейнесінің даму және түрлену үрдісін анықтау;
- Тәуелсіздік жылдарындағы Орталық Азия өңірі заманауи кинематографының тарихи жанрдағы туындыларындағы әйел бейнесінің негізгі даму үрдістерін анықтау.

Болжам

Қазақстан мен Орталық Азиядағы киносындағы әйелдің тарихи бейнелерін зерттеу олардың бір ғасырға жуық кезеңіндегі өзгеруін, визуализация мәселелерін, ең алдымен феминизм мен дәстүршілдік аясындағы және басқа да

бірқатар диалектикалық ұстанымдарды айқындау аталған аймақтағы тарихи жанрдағы көркемсуретті фильмдер кеңістігінде әйелдердің сәйкес бейнесін жасауға, сондай-ақ кинотанудағы әлі аз зерттелген бұл тақырыптың олжылықтарын толтыру үшін үлес қосады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Диссертациялық жұмыс кинотану, ғылыми және өнертану ғылымы бойынша ауқымды материалдарға негізделген.

Бұл диссертация үшін төмендегідей ғалымдардың еңбектері аса маңызды болып табылады: С. Эйзенштейн, Л. Деллюк, А.Базен, С.И. Фрейлих, К.Э. Разлогов, Р. Розенстоун, Дж. Стабс, М. Хаггис-Уорингтон, М. Роуланд, Б. Боймерс, С.Филиппов және т.б.

Әсіресе отандық ғалымдар Қ.Сирановтың «Кеңестік Қазақстан кино өнері» («Киноискусство Советского Казахстана»); «Очерки истории казахского кино» ұжымдық монографиясы, К.Айнағұлова мен Қ.Әлімбаеваның «Қазақ киносы тарихының очерктері» («Тенденции развития киноискусства Казахстана»); Г. Әбікееваның «Орталық Азия киносы (1990-2001)» («Кино Центральной Азии (1990-2001)») және «Қазақстандағы және Орталық Азияның басқа да республикаларындағы ұлт құрылысы және осы үрдістің кинематографта қалай көрініс табады» («Нациостроительство в Казахстане и других республиках Центральной Азии и как этот процесс отражается в кинематографе»); Б.Р.Нөгербектің «Қазақстан киносы» («Кино Казахстана»), «Экранда “Қазақфильм”» («На экране “Казахфильм”») және «Қазақ көркемсуретті киносындағы экрандық-фольклорлық дәстүр» («Казахское игровое кино: экранно-фольклорные традиции и образ героя»); Б.Р.Нөгербек пен Б.Б.Нөгербектің «Қазақ көркемсуретті киносы: экрандық-фольклорлық дәстүр және кейіпкер бейнесі» («Казахское игровое кино: экранно-фольклорные традиции и образ героя») атты еңбектері құнды дереккөз болып табылады.

Заманауи кезеңдегі пәнаралық сипаттағы, тарихи-патриоттық сана мәселелеріне, Кеңес киносының тарихи поэтикасы мәселелеріне мейлінше көңіл бөлуге арналған А.В. Караганов, Л.А. Парфенов, Л.К. Козлов, Н.Н.Станимирова және Н.И.Клейманның еңбектері аса маңызды орын алды.

Зерттеу жұмысында жекелеген тұжырымдарды талдау кезінде диссертант Р.Н. Юренев, В. Муриан, Н.П. Туманова, М.Е. Гольденберг, М.П. Власов, Г.А. Капралов, В.Н. Ждан, И.А. Рачук, Е.С. Добин, В.С. Колодяжная, В.В. Шабров, Т.Ф.Селезнева, М.И.Андроникова, Е.Н.Карцева, В.И.Фомин, А.В.Мачерет, Р.Берган, Н.А.Агафонова, В.В.Виноградов сияқты ғалымдардың еңбектерін басшылыққа алды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес, М.Әуезов, Э.Гюль, М.Тохтаходжаева, Е.Д.Тұрсынов, М.В.Соловьева, Р.Абазов, С.Рахимов, Г.Толомушова, Қ.Нұрланова, С.Абашин, Г.Гачев, А.Халид (А.Khalid), С.Акинер, Р.Суни сияқты ғалымдардың Қазақстан және Орталық Азияның мәдениеті, өнері мен киносын зерттеуге арналған жұмыстары пайдаланылды.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысында келесі қазақстандық және ресейлік ғалымдарының диссертациялық жұмыстары қарастырылды: кинотанушы

Г.О. Әбікееваның «Орталық Азия кинематографиясындағы отбасы бейнесі аймақтағы мәдени сәйкестікті қалыптастыру тұрғысында» («Образ семьи в кинематографе Центральной Азии в контексте формирования культурной идентичности в регионе»); кинотанушы Б.Б. Нөгербектің «Қазақ киносындағы кейіпкер бейнесінің эволюциясы және трансформациясы (1930-2000 жылдар)» («Эволюция и трансформация образа героя в казахском игровом кино (1930-е – 2000-е годы)»); Н.В. Захарованың «Визуалды әйел бейнесі: кеңестік визуалды мәдениетті зерттеу тәжірибесі» («Визуальные женские образы: опыт исследования советской визуальной культуры»); М.Г. Макиенконың «Тарихи кинодағы көркем кеңестік және уақыт» («Художественное пространство и время в историческом кино»), сондай-ақ Л.Малвидің (L. Mulvey), Н.Г.Каримова, Н.Р.Мукушева, И.Т.Смаилова және т.б. кинотанушылар мақалалары. Жоғарыда келтірілген барлық дереккөздердің жиынтығы кинематографиядағы әйел бейнесіне қатысты көптеген маңызды сұрақтарға толығымен жауап бермейді. Батыс Еуропалық, кеңестік кино тарихында 1930 жылдан қазіргі уақытқа дейінгі аралықта Қазақстан мен Орталық Азияның тарихи жанр кинематографындағы әйел бейнесін оның дамуы мен түрленуі аспектісінде қарастыруға қатысты ғылыми жұмыстардың жетіспеуі арнайы ғылыми зерттеулерді талап етеді.

Зерттеу әдістері – жүйелі тарихи және кинотанушылық көзқарас; көркемдік және философиялық көзқарас; арт-теориялық талдау; салыстырмалы-салғастырмалы талдау; визуалдық талдау; фильмдерді талдау; индуктивті әдіспен логикалық талдау; мақсаттарды анықтау үшін ғылыми болжау әдісі.

Сондай-ақ, диссертациялық жұмыста зерттелетін мәселені талдаудың жеткілікті деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін салғастыру және қорыту, синтез сияқты әдістер қолданылды.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы

Диссертациялық жұмыста алғаш рет:

- хроникалы оқиғаларды қалпына келтіру және ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға ықпал еткен тарихи тұлғалардың маңыздылығын анықтау аясында тарихи кино жанры қарастырылды;

- ойын фильмдерінің батырлық және әдеттегі эпизодтарында дәстүрлі және феминизмді анықтау тұрғысынан типологиялық әйел бейнелеріне тән ерекшеліктер анықталды;

- кеңес кезеңіндегі Қазақстанның тарихи кинематографындағы әйел бейнесі тарихи және әлеуметтік-мәдени аспектілерде зерттелді;

- тоталитарлық режим дәуіріндегі Орталық Азия өңірінің тарихи кинематографындағы әйел бейнелерін жан-жақты талдау жүзеге асырылды;

- посткеңестік кезеңдегі қазақ көркемсурет киносының тарихи жанрындағы әйел бейнелерінің түрленуі анықталды;

- салыстырмалы талдау негізінде Орталық Азия өңірінің қазіргі кинематографының тарихи жанрында әйел бейнесін дамыту үрдісін тұтас зерттеуге әрекет жасалды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Тарихи фильм қайта өңделген хроникалардың заңды салдары болып табылады және кинематографтың бастау бұлағы саналады, ол маңызды тарихи оқиғаларды тіркеуге талпынды, шынайылыққа барынша жақындап, сол арқылы кинематографтың және шынайы өмірдің тығыз байланысын көрсетті. КСРО кеңістігінде тарихи фильмнің қалыптасуы 1920 жылдары тарихи-хронологиялық және батырлық-эпикалық жанрларда түсірілген кеңестік тарихи-революциялық, тарихи-өмірбаяндық фильмдердің пайда болуымен ерекшеленеді. Тарихи киноның жанры дамудың белгілі бір жолынан өтіп, Қазақстан мен Орталық Азияға келді. Мұнда тарихи киноның қалыптасуы тарихи және аты аңызға айналған тұлғалардың көркем портреттерін, сондай-ақ, олармен байланысты тарихи оқиғаларды баяндап келген.

2. Әйелдер мен ерлердің теңдігі платформасына сүйенген мемлекеттік феминизм саясатының идеясын көтерген бірінші Кеңес үкіметінің декреттерінен кейін, КСРО киносы дәстүрлілік және феминизм құбылысы әлеміне үңіле бастады. Кинофильмдерде көрсетілген қайсыбір тарихи дәуірдің гендерлік дәрежесі, оған тән үйлесімді және қарама-қайшы байланыстары бар, әйелдер әлемімен тұтасқан ұлттық мәдениет пен әлеуметтік болмыстың нышандарын зерттеуге мүмкіндік береді. Тарихи кинотуындыларда әйел өмірдің көзі ретінде ғана емес, сонымен қатар, әртүрлі себептермен кейіпкерді драмалық махаббаттан қайғылы өлімге әкелетін драмалық рөлді жиі орындайды. Орталық Азия республикаларының тарихи фильмдеріндегі әйел бейнесі мәдени орта мен канондарға тән идеология үрдістеріне жауап беріп, екі полюс: дәстүрлі және феминизм арасында дами бастады.

3. Қазақстанның тарихи көркем фильмдеріндегі әйел бейнесі марксизм-ленинизм идеологиясының айқын немесе жасырын қысымында қалыптасты, мемлекеттің экрандағы саясатын көрсетті, сондай-ақ, қоғамдық санаға тоталитарлық режімнің стратегиялық бағытын көркем кинотілінің құралдарымен жеткізді. Дегенмен, Қазақстанның тарихи-революциялық киносының алғашқы әйел бейнелері үстірт және ашық насихат сипатында болғанына қарамастан, онда әйелдердің дәстүрлі қоғамның тыйымдары мен әйелдерге тән қорқыныштан бөлек, өзін көрсетуге деген талпынысы сияқты, жалпы қызықты феномен көрініс тапты. Кеңес кезеңінде мынадай негізгі типологиялық бейнелер анықталды: ана, бақытсыз қалыңдық, жауынгер әйел.

4. Орталық Азия елдерінің кинематографиясының дамуы тарихи жанрдағы әйел кейіпкерлері революция батырлары мен жауларының ержүрек және адал жолдастарынан, махаббат пен отбасылық қуаныш сезімін тануға талпынған әйел бейнесіне дейін түрленуіне әкелді. 1970-ші жылдары әйел кейіпкерлердің экрандағы мінез-құлқы күрделеніп, әйел бейнесі психологиялық тұрғыдан тереңдейді. Орталық Азия фильмдерінде режиссерлер тарапынан әйелдердің ішкі, бейсаналық тілегіне бойлау байқалады; кеңес тарихи-революциялық киносының кейіпкерлерінен табиғаты батыр емес әйел бейнесі алдыңғы шепке шығады.

5. 1980-ші жылдардан бастап, КСРО тарихи жанрдағы көркемсурет киносы либералдық танытып, соның нәтижесінде, қазақ «жаңа толқыны» феномені орын алған. Бірінші орынға әлеуметтік ортадан тыс ер адамдар мен әйелдердің

бейнесі көрсетіледі. Қазақстан әйелдерінің қорғансыз екені, шектеуі көп екені осы туындылар арқылы көшілікке тарады. Кеңестік кезеңнен кейін бұрынғы одақтас республикалардың киноөнерінде ұлттық сана-сезім қайта жаңғырды. Қазақстан экрандарына тарихи оқиғаларды қайта бағалауға үндеп, мәдени мұра мен көркем құндылықтардың маңызын ашып, ұлттық тарихтағы ақтандақтарды анықтауға бағытталған тарихи кинотуындылар шығады. Алайда, 1991 жылдан бастап 2017 жылға дейінгі кезеңде түсірілген тарихи фильмдерде әйел бейнесіне тиісті назар аударылмаған, алайда, тарих ұлы әйелдердің есімдерін ұмытқан емес. Негізінен тарихи фильмдегі әйел бейнесі елеусіз, екінші дәрежелі рөлге ие немесе олардың рөлі мүлде аз.

6. Тәуелсіздік алған күннен бастап, Орталық Азия елдерінде киноөндірісті қаржыландыру күрт төмендеді, соның салдарынан басым көпшілігін заманауи тақырыптағы аз бюджеттік фильмдер құрады; біз Өзбекстан мен Қырғызстандағы санаулы тарихи фильмдерді ғана айта аламыз. Дамудың қазіргі кезеңінде Орталық Азияның экран өнерін түлету үшін кешенді шаралар қолдану керек. Бұл тарихи көркемсуретті фильм өндірісіне қатысты мәселе. Сонымен қатар, әйел затының терең, күрделі бейнесін шығаруға көңіл бөлген абзал. Ол осы заманғы әлеумет сұраныстарына жауап беріп, эстетикалық және этикалық функцияларды орындайды.

Зерттеудің ғылыми-теориялық маңыздылығы

Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы аталған өңірлердегі дәстүрлі және феминизмнің диалектикалық үрдісінің шынайы негізіндегі Қазақстанның тарихи жанрдағы көркемсурет киносындағы әйел бейнесін дамыту және түрлендірудегі жаңа ғылыми бағытты негіздеу ретінде анықталады. Зерттеудің нәтижелері отандық кинематография саласындағы өзекті тақырыптардың қатарын толықтыруда маңызды орын алады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

Жұмыс нәтижесі кинотану теориясын әзрлеуге септігін тигізіп, оқы орнында қазақ және орталық кинематографының тарихына қатысты пәндерді оқытуда, сондай-ақ, жалпы гуманитарлық курстар, мәдениеттану, Қазақстан мен Орталық Азияның қазіргі заман тарихынан дәріс бергенде жүйелі білімді қалыптастыруға ықпал етеді.

Олар тарихи-кинематографиялық шығармаларда, мәдениеттанушыларда, киногерлердің көркем тәжірибесінде және шығармашылық қызметінде, білім саласында, оқытушылардың оқу материалдарында, студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдаланылады және өз жалғасын табады.

Жұмыстың мақұлдануы

Диссертацияның негізгі тұжырымдары 7 ғылыми басылымда, оның ішінде, Scopus компаниясының базасына енетін нөльдік емес импакт-факторлы шетелдік жинақта, ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған әртүрлі ғылыми журналдарда және халықаралық ғылыми конференциялардың материалдарында жарияланды.

Диссертацияның құрылымы

Талданып отырған материалдың жалпы мазмұны диссертацияның құрылымында былайша айқындалады: жұмыс кіріспеден, үш тараудан, алты

бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады. Жұмыс көлемі – 125 бет.

Кіріспеде зерттелетін тақырыптың өзектілігі негізделді, диссертацияның мақсаты мен міндеті, ғылыми зерттеу деңгейі және ғылыми жаңалық дәрежесі, сондай-ақ, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар берілді, диссертацияның ғылыми-теориялық және тәжірибелік маңызы айқындалды.

«Орталық Азияның тарихи киносындағы әйел бейнесін қалыптастыру және дамыту» атты **бірінші тарау** екі тараушадан тұрады. Бірінші тараушада тарихи кино көркемсуретті кинематографтың жанры ретінде қарастырылады. Екінші тараушада Қазақстан және Орталық Азияның тарихи кинематографындағы әйелдердің негізгі типологиялық бейнелері талдау жүргізу арқылы айқындалады, сондай-ақ тарихи фильмдердегі әйел бейнесі батылдық пен тұрмыстық эпизодтарда дәстүрлі және феминизм тұрғысынан дәйекті түрде талданды.

«Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның және Орталық Азияның тарихи кинематографындағы әйел бейнесі» атты **екінші тарау** да екі тараушадан тұрады. Тарихи-өмірбаяндық және тарихи-революциялық кино негізінде Қазақстан және Орталық Азияның тарихи кинематографындағы әйелдердің негізгі типологиялық бейнелері анықталады. Тәжірибелік материал, атап айтқанда, 1930-шы – 1991-ші жылдарды қамтитын Қазақстан және Орталық Азия фильмдерін көру және талдаудан тұрады. Кинотанушылық мәліметтерді негізге ала отырып, Қазақстан және Орталық Азия киносындағы мәдени сәйкестіліктің қалыптасуы қарастырылды.

«Қазақстан және Орталық Азияның тарихи жанрдағы көркемсуретті кинематографында әйел бейнесін көрсетудегі қазіргі үрдістер (1991-2017)» атты **үшінші тарау** да екі тараушадан тұрады. Мұнда фильмдер ой, сценарий, түсірілім сияқты негізгі кезеңдерінен бастап талданады. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан мен Орта Азияның тарихи жанрдағы көркемсуретті фильмдеріндегі әйелдер суреттерін талдау тәуелсіздік алған жылдан қазіргі уақытқа дейін жүргізілді. Қарастырылып жатқан өңірлердің қазіргі заманғы кинематографиясының тарихи жанрындағы әйел бейнесін қайта құру анықталып, тарихи фильмдердегі әйел бейнесінің дамуына қатысты болжам жасалады.

Қорытындыда зерттеу нәтижелері шығарылды және бұл тұжырымдардың одан әрі пайдалану жолдары туралы ұсыныстар жасалды.